



Автор: Алибекова Лайла Рысбаевна

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Құстар туралы не білеміз? Тәуелдеулі зат есімдердің септелуі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.4.2.3* - зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі. Көптеген оқушылар: тыныс белгілері үйретіледі, жасалу жолдары танытылады. Кейбір оқушылар: топтық, жұптық, жеке жұмыстарды орындайды.
Күтілетін нәтиже:	Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі.
Бағалау критерийлері:	төрт дағды бойынша оқушыларды жұмыстарына қарай бағалап отыру
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	мәтіндермен жұмыс «Дүниетану», «Музыкамен» пәнаралық байланыста жүзеге асыруды мүмкін етеді.
Бастапқы білім:	Оқушылар алдыңғы сыныптарда көркем шығарма және ғылыми-көпшілік мәтіндермен таныс. Мәтін түрлері мен жанрын ажырата алады. Сөз мағынасымен жұмыс істеуде дереккөздерді дұрыс пайдалана алады. Аудио жазбалары арқылы ойын ауызша және жазбаша жеткізеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	(Ұ) «Сиқырлы қапшық» Қапшыққа салынған саны бірдей қызыл, сары, жасыл шариктер таңдап алуды ұсынамын. Осы түстер бойынша оқушыларды 3 топқа бөлемін: 1-топ: «Мергендер» (қызыл түсті) 2-топ: «Ептілер» (сары түсті) 3-топ: «Жүйріктер» (жасыл түсті) Шаттық шеңбері Дене мүшелерімен амандасу (көзбен, қол алысып, құлақпен, аяқпен амандасу) Мұғалім: — Екі көз не үшін керек? Оқушы: — Жақсыларды көру үшін. Мұғалім: — Екі құлақ не үшін керек? Оқушы: — Ақыл - кеңес тыңдау үшін. Мұғалім: — Екі қол не үшін керек? Оқушы: — Елге көмек беру үшін. Мұғалім: — Екі аяқ не үшін қажет? Оқушы: — Шетте жүрсең, Туған жерге жету үшін Мұғалім: — Ал басың не үшін керек? Оқушы: — Бәрін-бәрін ойлау үшін. Дұрыс балалар, олай болса мен сендердің құлақтарың, көздерің, қолдарың мен аяқтарыңа саулық тілеймін. Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке, жұпта, топта, ұжымда) (Ұ) «Допты қағып ал» тәсілі бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>«Телефон арқылы әңгіме» тәсілі бойынша жұмыс ұйымдастырылады. Оқушылар бір-біріне арқысын сүйеп отырады да, телефон арқылы диалог жүргізеді. Жаңа тақырыпты түсіну. Сабақ сөзін тәуелдеу . Менің сабағым Біздің сабағымыз Сенің сабағың Сендердің сабақтарың Сіздің сабағыңыз Сіздердің сабақтарыңыз Оның сабағы Олардың сабақтары Оқулықтағы тапсырмаларды топта, жұпта, жеке орындау. Дескрипторы: Тыңдалған материал бойынша өз пікірін білдіру, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жазба жұмыстары жүргізу арқылы оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары жетілдіріледі. «Шешім қабылдау аллеясы» Бұл тәсіл - өзекті мәселенің шешу жолын зерттеу болып табылады. Сынып оқушылары екі қатарға бір-біріне қарама қарсы орналасып тұрады. Бір оқушы «Шешім қабылдау аллеясынан» өтеді. Алдымен ол оқушының өзекті мәселесі айтылады. Екі қатарда тұрған оқушылар зерттелетін мәселеге қатысты өз пікірлерін, ұсыныстарын айтады. «Аллеядан» өтіп бара жатқан оқушы өзгелердің пікірлерін, дәлелдемелерін естіп, ойланып, шешім қабылдайды.</p>	Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сабақтың соңы	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. «Тоғыз гауһартас»</p> <p>Оқушыларға тоғыз тұжырым жазылған тоғыз карточка ұсынылады. Оқушылар топта тұжырымдарды немесе фактілерді маңыздылығына қарай жоғарыдан төмен ретімен ромб тәріздес орналастырады.</p>	Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Рефлексия	Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) «Білім сандығы» кері байланыс.	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.